



26 қыркүйек, сейсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboiy@yandex.kz

www.syrboiy.kz

www.facebook.com/syrboiy.kz/

www.instagram.com/syrboiy\_kz

https://twitter.com/syrboiy

t.me/syrboiy\_kz

ПРЕЗИДЕНТ

## ҮКІМЕТ БАСШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ



Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей, Беларусь және Қырғызстан үкіметтерінің басшыларымен кездесті.

Президент үкімет басшыларына ілтпап білдіре отырып, қазақ жерінде тұңғыш рет өткізіліп жатқан халықаралық «Иннопром. Қазақстан» өнеркәсіп

көрмесіне қолдау көрсеткені үшін оларға ризашылық білдірді. – Сіздердің арнайы келгендеріңіз көрменің мәртебесін арттырғаны

сондай-ақ өзара тиімді жобаларды іске асыру үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашылады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, өнеркәсіп, энергетика, машина жасау, ауыл шаруашылығы және экономиканың басқа да салаларында бірлескен кәсіпорындар мен ірі жобалар саны артып келеді. Бұл Одаққа мүше елдердің сыртқы сауда көлемінің үздіксіз ұлғайып, биылғы бірінші жартыжылдықта 13 пайызға жеткенінен байқалады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Ресей арасында сауда, инвестиция және өнеркәсіп салалары бойынша қарым-қатынас қарқыны жоғары екенін айтты. – Ресей компаниялары Қазақстанға тұрақты түрде инвестиция салып отырған бес негізгі елдің қатарына кіреді. Бүгінде Ресеймен бірлесіп, жалпы сомасы 16,5 миллиард доллар болатын 40 ірі жобаны жүзеге асырып жатырмыз, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Беларусьпен арадағы қарым-қатынас туралы айта келе, ауыл шаруашылығы техникасын шығару және машина жасау салаларындағы тәжірибені оң бағалады. Бұл бағыттағы жобалардың жалпы құны – шамамен 180 миллион доллар.

Сонымен қатар Қазақстан Президенті Қырғыз Республикасымен арадағы байланыстарымыздың тұрақты дамып келе жатқанына, өзара сауда-саттық қарқыны жоғары екеніне назар аударды.

– Жеті айда екі ел арасындағы сауда-саттық көлемі былтырғы осы кезеңмен салыстырғанда 13 пайызға өсті. Қазақ-қырғыз шекарасында Индустриялық сауда-логистикалық кешен салудың келешегі зор, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

2-бет

БӘРЕКЕЛДІ!

## АЗИАДА: ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ ДЗЮДОШЫЛАР ҚОЛА АЛДЫ

Қытайдың Ханчжоу қаласында өтіп жатқан Азия ойындарынан Сыр өңіріне тағы бір жағымды жаңалық жетті. Қызылордалық балуан Мағжан Шамшадиннің жеңісін Абылайхан Жұбаназар қайталап, дзюдодан қола медаль алды.

Бұған дейін дүбірлі долада 60 келі салмақта татамиге шыққан Мағжан үшін әрбір белдесуі оңайға соққан жоқ. Қайсар ұл жігерлі қимылымен көзге түсті. Іріктеу сатысында Солтүстік Корея өкілі Кванджин Чаэнің азары әдіспен жеңсе, жартылай финалда Оңтүстік Корея спортшысы Ли Харимге жол берді. Қола үшін сайыста тәжікстандық Мерзод Суфиевті тізе бүктірді.

Мағжанның алған жұлдісіне облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев құттықтау лебізін білдірген болатын. Кеше, 25 қыркүйекте Абылайхан Жұбаназар қола медальға қол жеткізді.

Жұлдігер жерлесімізді әлеуметтік желі арқылы облыс әкімі құттықтады.

«Қытай елінің Ханчжоу қаласынан тағы бір Сыр спортшысының табысқа жеткені жайлы хабар келді. ХІХ Жазғы Азия ойындарында Абылайхан Жұбаназар дзюдодан жартылай финалда тәжікстандық қарсыласы Со-ман Махмадбековке есе жіберген еді. Үшінші орын үшін күресте өзбекстандық Мұса Собировпен жекпе-жекте жеңіске жетіп, Азия ойындарының қола жүлдігері атанды.

Осылайша кеше 60 келі салмақта өнер көрсеткен Мағжан Шамшадин, бүгін 81 келідегі Абылайхан Жұбаназар Қазақстан қоржынына қос қола жүлде салды.

Халықаралық дәрежедегі спорт шебері Абылайхан Жұбаназар – «ГРАНД СЛАМ» халықаралық турнирінің күміс және қола жүлдігері.

Ертең 100 келі салмақта жерлесіміз Нұрлыхан Шарханнның жекпе-жегі өтеді. Палуанымызға сәттілік тілейміз!

Екінші қола жүлде құтты болсын! деп жазылған құттықтауда.

«СБ» ақпарат



## «URKER» ҰЛТТЫҚ СЫЙЛЫҒЫ «СЫР БОЙЫНДА»



## Т.ЖҮРГЕНОВ ӘЛЕМІНІҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Билік күллі Алаш жұртына ортақ тұлға, мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің туғанына 125 жыл толып отыр. Сыр өңірінде туып, ұлт қамы үшін қызмет еткен қайраткердің бұл мерейтойы жер-жерде сан-салтанатымен аталып өтуде. Туған жері Жалағаш ауданындағы тұлғаның өз атымен аталатын ауылда дүбірлі той өтті. Ақындар жыр толғап, балуандар белдесті. Жиырмадан астам киіз үй тігіліп, ән-жырдан шашу шашылды. Жерлестері Сыр топырағында туған ұлын ұлықтап, өз заманының озық перзентіне арнап саябақ ашты. Арнайы ескерткіш-бюст орнатты.

Сб Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы»

Жаңа саябақтың ашылу рәсіміне облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет, аудан әкімі Аскарбек Есжанов, облыстық мәслихат депутаты Әмірбек Шаймағамбетов және басқа да арнайы қонақтар қатысты. Шарада облыс әкімінің орынбасары аудан жұртшылығын Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығымен құттықтады. Сондай-ақ тарихи тұлғаны ұрпаққа үлгі ету

жолындағы айтулы шараның өтуіне атсалысқан азаматтарды облыс әкімінің «Алғыс хатымен» марапаттады. – Темірбек Жүргенов – бүкіл түркі әлеміне ортақ тұлға. Жүрегі елім деп соққан, жазықсыз жалаңың құрбаны болып өткен ердің аты өшпейді, жер бетінде қазақ халқы тұрғанда оның ісі жалғаса береді.

2-бет



Суреттерді түсірген Н.НУРЖАҒЫБАЙ

## ЭЙБЛИЗМ: ТІЛДЕСУДІҢ ТҮЙТКІЛДІ ТҰСТАРЫ



Сб Гаиза ӘБИЛДА, «Сыр бойы»

«Үздік өңірлік БАҚ» номинациясын «Сыр бойы» газеті жеңіп алып, Қызылорда облысының 85 жылдық мерейтойына тамаша тарту жасады. Аймақтың ата-ба-сылымы өз биігін байқапты. «Заңғар жазушы Әзілхан Нұршайықовтың «Газеттің ісі – бір күндік, сөзі – мың күндік» дегеніндей, сөзі сұңғыла, жанрлық ерекшелігі әрқилы, безендірудің көркемдік деңгейі жоғары басылымның оқырманға берері көп. Келесі жылы «Сыр бойы» газеті өзінің 95 жылдық мерейтойын атап өтеді. Бұл сыйлық – мерейтой алдындағы

мүмкіндіктің мезіреті. Ал бүгінгі жеңіс – «Сыр бойы» газеті ұжымының қажырлы еңбегінің жемісі және Сыр өңіріндегі барлық баспасөз өкілдерінің ортақ қуанышы» деп жазды облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев facebook парақшасында.

Өңірлік коммуникациялар қызметі ұйымдастырған арнайы брифингте «Сыр медиа» ЖШС бас директорының орынбасары Айжан Абдуллаева, «Сыр бойы» газетінің бас редакторы Қуат Шарабидинов айтулы жаңалықты аймақ оқырмандарына жеткізді.

2-бет

Мүгедектігі бар жандардың арасында сынаққа сынбайтын, еңбекте тынбайтын, қоғамда белсенді, рухы мықты жандар көптеп кездеседі. Облыстық мүгедектер қоғамының төрағасы С.Қуанышбайұлының айтуынша, аймақта 32 мыңнан астам мүгедектігі бар жан тіркелген екен.

Бұл – осынша мәселе, осынша тағдыр талайына түскен жан бар деген сөз. Төрт құбыласы түгел адамдарға да тұсау көп заманда оларға қиындықтың салқыны соқпайды деу жалған болар. Сондықтан «эйблизмен не үшін арылу керек?» деген сұраққа жауап іздегенді жөн көрдік.

Ең әуелі айтатынымыз, мүгедектігі бар адамдар қоғамда дискриминация көріп жатады. Осыған байланысты «эйблизм – адамды мүгедектік белгілеріне қарай алалау» дегенді білдіретін термин енгізіліпті. Бүгін аңдамай айтылған сөз қоғамда алалауды қалай өршітетінін талқылаймыз, талдаймыз. Себебі, жоғарыда айтқандай, сау адамның сау-тамтығын қалдырмай, саусағымен нұқып тұрып алалайтын заманда мүгедектерге шүйлікпейтіндер жоқ дей алмаймыз.

Сб Айдар САЙЛАУОВ, «Сыр бойы»

4-бет





